



“ Жасыл әлем ”

(“Балапан” ересек тобы)

Орындаған: Берикбаева А
Баспаева М

2026 оқу жылы

Анықтама

«Жасыл әлем» балабақша тәрбиеленушілері

Табиғатты қорғау – бүгінгі ұрпақтың ғана емес, келешек ұрпақтың да алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Осы мақсатта балабақшамызда «Жасыл әлем» экологиялық бағыты аясында тәрбиеленушілердің табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыруға, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға және экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған түрлі іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді.

Іс-шара барысында балалар табиғаттың адам өміріндегі маңызы, өсімдіктер мен жануарларды қорғау, қоршаған ортаны таза ұстау туралы танымдық әңгімелер тындап, бейнероликтер көріп, қызықты сұрақ-жауап ойындарына қатысты.

Тәрбиешілер табиғатты аялау, суды үнемдеу, ағаштарды күтіп-баптау, қоқысты арнайы орындарға тастау және қоршаған ортаны ластамау жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Тәрбиеленушілер өз қолдарымен гүл көшеттерін отырғызып, ағаштарды суарып, балабақша ауласын көгалдандыру жұмыстарына белсене атсалысты. Сонымен қатар табиғи және қалдық материалдардан қолөнер бұйымдарын жасап, шығармашылық қабілеттерін көрсетті. «Таза аула», «Бір бала – бір гүл», «Табиғатты қорғайық», «Жасыл мекен» сияқты экологиялық акцияларға қатысу арқылы балалар табиғатты қорғаудың қарапайым әрі маңызды жолдарын тәжірибе жүзінде үйренді.

Экологиялық тәрбиені нығайту мақсатында ата-аналар да белсенділік танытып, балаларымен бірге ағаш көшеттерін отырғызуға, гүлзарларды күтіп-баптауға және табиғатты қорғауға бағытталған ортақ жұмыстарға қатысты. Мұндай бірлескен іс-шаралар отбасы мен балабақша арасындағы байланысты нығайтып, балалардың еңбекке, жауапкершілікке және ұйымшылдыққа тәрбиеленуіне ықпал етті.

«Жасыл әлем» жобасы аясындағы жұмыстардың нәтижесінде тәрбиеленушілер табиғатты қорғаудың маңызын түсініп, экологиялық сауаттылықтарын арттырды. Олар өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауды, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды, тазалықты сақтауды және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды үйренді.

Табиғат – біздің ортақ үйіміз. Сондықтан оны қорғау, көркейту және келер ұрпаққа таза күйінде аманат ету – әрқайсымыздың азаматтық парызымыз.

Балабақшада жүргізіліп жатқан экологиялық тәрбие жұмыстары бүлдіршіндердің бойында табиғатқа деген сүйіспеншілікті, жанашырлықты және экологиялық мәдениетті қалыптастырудың берік негізі болып табылады.